

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қарашадағы № 1357 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 тамыздағы № 779 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 қаңтардағы № 251 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.11 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекет меншігіндегі геологиялық ақпарат және оны оқу, ғылыми, коммерциялық және өзге де мақсаттарда пайдалану тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қарашадағы № 1357 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1996 ж., № 45, 436-күжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекет меншігіндегі геологиялық ақпарат және оны оқу, ғылыми, коммерциялық және өзге де мақсаттарда пайдалану тәртібі туралы ережеде:

1) 1-тармақта "жер қойнауы туралы, яғни жер қойнауының геологиялық құрылышы, ондағы пайдалы қазбалар, кен орындарының геологиялық параметрлері, қорлардың ауқымы, игеру шарттары, сондай-ақ геологиялық есептердегі, карталардағы және өзге де материалдардағы жер қойнауының кез келген ерекшеліктері туралы ақпаратты дайындаушылар, сақтаушылар мен тұтынуышылар" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жер қойнауының геологиялық құрылышы, ондағы пайдалы қазбалар, кен орындарының геологиялық параметрлері, қорлардың ауқымы, игеру шарттары, сондай-ақ геологиялық есептердегі, карталардағы және өзге де материалдардағы Жер қойнауының кез келген ерекшеліктері туралы ақпарат, егер ол республиканың бюджет қаржысы есебінен алынса, мемлекеттік меншіктегі болады және егер ол Жер қойнауын пайдалануышының өз қаражаты есебінен алынса, Жер қойнауын пайдалануышының меншігінде болады.

3. Жер қойнауы туралы геологиялық және өзге де ақпарат қаржыландыру көзіне қарамастан міндетті түрде белгіленген стандарт бойынша сақтауга, жүйелеуге және қорытуға жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі

мемлекеттік органға өтеусіз беріледі.

4. Келісім-шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде бүкіл геологиялық ақпарат мемлекет меншігіне көшеді. Жер қойнауын пайдаланушы барлық құжаттар мен геологиялық ақпараттың өзге де материалдық тасымалдаушыларын жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) өтеусіз беруге міндетті.";

3) 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жер қойнауын пайдаланушиның қарожаты есебінен алынған және ол осы Ереженің 3-тармағына сәйкес уәкілетті органға берген ақпаратты оқу, ғылыми, коммерциялық және өзге де мақсаттарда пайдаланудың тәртібі ақпаратты меншіктенуші мен уәкілетті орган арасындағы келісімде айқындалады.

Сондай-ақ бүкіл геологиялық ақпараттың немесе оның бір бөлігінің құпиялылық мерзімі, сондай-ақ Келісім-шарттың қолданылуы кезеңінде геологиялық ақпаратты Жер қойнауын пайдаланушиның меншігінен Қазақстан Республикасының меншігіне беру мүмкіндігі мен оның шарттары да осы келісімде айқындалады.";

4) 10-тармақтың тәртінші абзацындағы "лицензия" деген сөз "жер қойнауын пайдалану құқығын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 14-тармақтың екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурсқа қатысушыларға - конкурстық пакет түрінде;

жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстың жеңімпазына - жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстың шарттарында айтылған жер қойнауы участкесі бойынша - келісім-шарт аумағы бойынша толық пакет түрінде";

6) 16 - тармақта:

үшінші абзацта "жұмыс" деген сөз "құзыретті" деген сөзben ауыстырылсын;

"Жер қойнауын пайдалануды лицензиялау" деген сөздер "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарды жасасу және орындау" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 20-тармақта "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануды лицензиялау туралы ережеге" деген сөздер "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беру ережесіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының жер қойнауы жөніндегі ақпараттарды (беру, айырбастау, сату) тарату тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 8 желтоқсандағы N 1034 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1992 ж., N 48, 709-күжат);

2) "Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қаңтардағы N 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1996 ж., N 6, 26-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК